



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№45 (901) Сәрсенбі 6 қараша 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

НАҚЫЛ СӨЗ

Еркіндік, Теңдік – елге керегі, Сол үшін ерлер жанын береді.

Тобырда жол көрсеткен көсем болмайды, Отты қаузап-қаузап қоятын көсеу болады.

Қадыр Мырза Әли

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ І АШЫҚ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ



Ақыл-ой мен логикалық қабілетті дамытатын шахмат ойыны – әлемде кең таралған спорттың бірі. Облыстың жас шахматшылары халықаралық және республикалық сайыстарда топ жарып, ел намысын қорғап келеді. Осы ретте шахматшылар арасындағы бәсекелестікті қалыптастырып, спортқа деген қызығушылықты арттыру аса маңызды.

Бүгін классикалық шахматтан Қызылорда облысы әкімінің І ашық кубогы басталды. 3-9 қараша аралығында өтетін халықаралық жарысқа 80-ге жуық спортшы қатысады. Олардың арасында Қырғызстан, Белорусь, Өзбекстан, Қазақстанның халықаралық рейтингтегі 10 спортшысы бар.

Қызылорда облысынан 70-ке жуық шахматшы сынға түспек. Үш кезеңдік жарыстың А секциясы халықаралық норма бойынша өтеді. Ал, В секциясына Швейцария жүйесі бойынша эло рейтингінен жоғары емес шахматшылар қатысады. С секциясы мемлекеттік және бюджет саласы кызметкерлері үшін блиц-турнир түрінде ұйымдастырылады. Кубоктың ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов арнайы қатысып, аймақ басшысының құттықтауын жеткізді. Саланың даму қарқыны мен әлемдік аренада ел намысын қорғаған спортшылардың жетістігіне тоқталды.

Жеңісті күндеріміз көп болсын, – деді облыс әкімінің орынбасары. Іс-шарада Қазақстан Шахмат федерациясының вице-президенті Алексей Бобенко сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі. Айта кетейік, бүгінде облыста 16 314, оның ішінде ауылдарда 7 189 адам шахматпен тұрақты айналысады, 365 жаттықтырушы жас шахматшыларға ойынның қыр-сырын үйретуде.

–Өздеріңіз білетіндей, облыс

«Ел тілегі» ақпарат

ҚАЛА ӘКІМІ ТҮРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Қала әкімі Нұржан Ахатов кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындар жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу, жер мәселесі мен кәсіпкерлікті қолдауға қатысты мәселелерді көтерді.

Бірқатар мәселе қабылдау барысында шешімін тапты. Тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын егжей-тегжейлі талдаған қала әкімі көтерілген сауалдарға байланысты тиісті шаралар қабылданатынын жеткізіп, сала басшыларына бірқатар міндеттер жүктелді.

Айта кету керек, тұрғындар қала әкімінің қабылдауына еgov порталы арқылы, e-otinish бірінғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

ТАПСЫРМАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ



Қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебайдың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы өтті. Комиссияда 2024-2025 жылдардың қыс-көктем айларында су тасқыны қаупін болдырмау, алдын алу шаралары қаралды.

– Бірінші кезекте, өткен жылғы су тасқынының өту барысына талдау жасау назарға алынуы тиіс. Екіншіден, су тасқыны қаупі бар аймақтардың тәуекел дәрежесін нақтылау керек. Үшіншіден, жер қара, күн жылыда қам-қарақетті күшейтуге кіріскен жөн, – деді Ғалымжан Бақтығалиұлы.

Қазірдің өзінде Сырдария өзеніне жоғарыдан жіберілетін судың мөлшері секундына 400 текше метрді құрап отыр. Бұл аз су емес. Қыс айында мұз ұстасқанда дария деңгейі шамадан тыс көтерілуі ықтимал. Сондықтан Қызылорда қаласының аумағы бойынша Сырдария өзенінің оң жағалауында 65 шақырым, сол жағалауында 23,5 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгетін барынша бақылауға алу қажет. Сол үшін үздіксіз кезекшілік ұйымдастырылып, жағдай жіті қадағаланып отыруы тиіс.

Комиссия отырысында қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай өзен бойындағы су қауіпсіздігіне жауапты 22 мекемеге уақытпен санаспай, қала аумағындағы қорғаныс бөгеттерін күшейтуге жұмылып, қажетті шараларға атсалысуды тапсырды.



ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда облысы аумағындағы республикалық маңызы «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының 204 км қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Биыл 140 км пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі таңда 90 км жол қабылданды. Жол желілерін дамытуға қатысты осы және өзге де ақпараттарды Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында Қызылорда облысының жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы

Жәнібек Сыздықов баяндады. — Биылға нақтыланған 51 жобаның 17,3 млрд теңгесі қолдау тауып, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 92 %-ға жеткізу межеленген. Қызылорда облысы аумағындағы республикалық маңызы «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының 204 км қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіп жатырмыз, – деді Жәнібек Шәкімбайұлы.

САУД АРАБИЯСЫНА ҚАР ЖАУДЫ

Сауд Арабиясының солтүстігіндегі Аль-Джауф аймағының бір бөлігіне кенеттен қар жауды. Осыдан бірнеше күн бұрын аймақтың кейбір бөліктеріне бұршақ аралас нөсер жауған болатын. Ал 2 қараша күні күзгі қар жауып, таулы аймақтарды ақ жамылғыға орады. Қалың жауын-шашын тау басынан аққан сарқырамаларға себеп болды. Жергілікті басшылардың айтуынша, мұндай құбылыс шөлді далаға пайдалы әсерін тигізіп, көктемде көздің жауын алатын дала гүлдерінің, атап айтқанда лаванда, хризантема және басқа да хош иісті өсімдіктердің гүлденуіне ықпал етуі мүмкін.

Бұл аймақтың температурасы әдетте мұншалықты төмендейтіндіктен, қарлы көрініс жергілікті тұрғындар үшін үлкен таңданыс болды.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың І жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ДАРА ДАҢҒЫЛ, КЕМЕЛ ЖОЛ

Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінде Аманат партиясы «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында Отбасы мектеп штабы мен «Балалар кітапханасы» жобасының ұйымдастыруымен «ДАРА ДАҢҒЫЛ, КЕМЕЛ ЖОЛ» тақырыбында Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылының тумасы, Есжанов Темірбек Әубәкірұлының құрметіне арналған дара жол ашық алаңы өтті.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен берген білімі – бала болашағының берік іргетасы. Темірбек Есжанов- өмірінің көп бөлігін оқу-ағарту ісіне, білім беруге, бала тәрбиесіне арнаған, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Бүгінгі шараның басты мақсаты оқушыларды Темірбек ағайдың өмір жолымен, шығармашылығымен таныстырып, бірге өскен замандастарымен еңбек жолындағы жетістіктері төңірегінде сыр шету. Шарада Темірбек ағайдың ұстаздары, өмір жолында жолықтырған замандастары қонақ болып, бастан өткерген қызықты оқиғаларымен бөлісті. Сондай-ақ Қызылорда облысының құрметті ардагер ұстаздары Алтын Болатовна, Үміт Қажығалиқызы, Гүлзия Жұмағалиқызы, Галина Мүсілімқызы да шарамыздың қадірлі қонағы болды.

ИСПАНИЯДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІ ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН



Испания үкіметі елде төтенше жағдай режимін енгізу мүмкіндігін қарастырып жатыр. Бұл шара елдің Еуропалық ынтымақтастық қорынан көмек алу процесін жеделдетуге ықпал етеді деп үміттенеді. Испанияның премьер-министрі Педро Санчес қыркүйек айындағы ғасырдың ең ауыр су тасқыны деп танылған апат салдарынан зардап шеккен аудандарды қалпына келтіруге қаржы сұрады.

«Мен қабылданып жатқан шаралардың жеткіліксіз екенін білемін. Ресурстардың жетіспеушілігінен, қызметтердің бұзылуынан, балшық астында қалған қалалардан, жақындарын іздеп жүрген тұрғындардың жағдайынан хабардармын. Біз жұмысымызды күшейтуіміз керек, бәріміз бірігіп әрекет етуіміз керек екенін білемін», – деді Педро Санчес.

Валенсия аймағы стихиядан ең көп зардап шеккендіктен, үкімет бейбіт уақытта алғаш рет ауқымды әскери қызметті көмекке жіберді. Қазіргі таңда із-түзсіз жоғалған адамдар ізделіріліп жатыр. Құтқарушылар суға бапып кеткен қалыңдар мен ғимараттарды іздеп, қоқыстарды тазалау жалғасып жатыр. Төтенше ауа райы ескертулері Испанияның солтүстік-шығысында және оңтүстігінде жексенбіге дейін күшінде болады. Сенбіде билік Булеар аралдарында, сондай-ақ Каталонияда қатты жаңбыр қаупі туралы ескертті. Соңғы деректерге сай, апат салдарынан қаза тапқандар саны 211 адамға жетті.

МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының депутаттық фракция отырысы өтті. Жиынға қала әкімі Нұржан Ахатов, партияның қалалық филиалының төрағасы Ибадулла Құттықожаев, фракция мүшелері және саяси кеңес мүшелері, жауапты бөлім басшылары қатысты. Күн тәртібінде «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған Жол картасының Қызылорда қаласында 9 айдың қорытындысымен орындалу барысы талқыланды. Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасының 2023 жылғы нәтижесімен 2024 жылғы іске асуы қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қала әкімі Нұржан Сәбитұлы баяндама жасады. «AMANAT» партиясының өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында Қызылорда қаласы бойынша 41 іс-шара қамтылған. Жоспарланған 41 іс-шараның 21-і орындалса, қалған 20-сы қазіргі таңда орындалу

үстінде. Өздеріңізге белгілі, «AMANAT» партиясының өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі «Жол картасы» Үкіметтің, өңірдің бағдарламаларына негізделіп жасалынған. Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен облыстың бюджеті 2,5 жылда 364 млрд. теңгеден 744 млрд. теңгеге жетіп, 2 есеге артты. Сәйкесінше қала бюджеті жыл

басындағы бекітілген 58,2 млрд. теңгеден, 110,7 млрд. теңгемін, алдағы өткізілетін мәслихат сессиясында (90%) бекітілетін болады. Макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Сыр өңірі Республикада жыл басынан бүгінгі күнге дейін алдыңғы қатарда келеді. Бұл бағытта Қызылорда қаласында да қарқынды жұмыстар жүргізілуде, деді шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы.

Фракция отырысында шаһар басшысы Жол картасы аясында орындалуы тиіс негізгі іс шаралардың жыл соңына дейін толықтай атқарылатынын жеткізді. «AMANAT» партиясының фракция мүшелері өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалуы бойынша бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Оның ішінде, шет аймақтағы көшелерге инфрақұрылым жүйелерін жүргізу, көше жарығы, кәріз құбырларына қатысты мәселелер талқыланды.

Жиынды қорытындылай келе, партияның қалалық филиалының төрағасы Ибадулла Дүйсенбайұлы: Үкімет пен партияның бірлескен жобалары өңірлерде қарқынды жүзеге асуда. Біздің шаһарымызда да Жол картасы шеңберінде ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Алдағы уақытта партия тарапы жергілікті атқарушы органдармен бірге халық игілігі жолындағы маңызды мәселелердің түйінін тарқататыны сөзсіз, - деді.



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Қала әкімдігінің баспасөз орталығында қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев атқарылып жатқан жұмыстар аясында ақпарат берді. Бүгінде шаһарда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Қазан айында Сол жағалаудан 470 пәтерді құрайтын 10 көпқабатты тұрғын үйдің кіндігі табысталса, құрылысы өткен жылы басталған 504 пәтерді құрайтын 7 қабатты 6 тұрғын үй жақын арада пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, осы мөлтек ауданда 400 пәтерлі 5 этажды 10 тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Келесі жоспардың бірі, 7 қабатты 84 пәтерлі 10 тұрғын үйдің сараптамасы алынып, құрылыс жұмыстарын бастауға қаржы сұратылақ.

Был «Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында Арай мөлтек ауданындағы Мәуелі көшесіне, Сарысу, Майлықұм көшелеріне ауыз су желісінің құрылысы, «Бәйтерек» ықшам ауданындағы тұрғын үйлерді газбен, ауыз сумен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Жас Алаш, Теректі, Сарысу көшелері мен Белкөл кентіндегі Жеруық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желісі тартылды. «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде Қызылжарма, Ақсуат, Досан, Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнакөл ауылдарындағы тозығы жеткен электр желілерін қайта жаңғырту

жұмыстары басталды. Осы жұмыстар барысында жаңадан қоныстанушы аумақтарға да электр желісі жүргізілетін болады.

«Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы негізінде қаланың 13 бөлігінде кәріз желілері қайта жаңғыртылуда. Қазіргі таңда бұл жұмыстар 8 мекенжайда толық аяқталды. Сондай-ақ, Арай м/а, Әуезов көшесі, Жаппасбай батыр көшесі бойында орналасқан көтергіш сорғы станциясы мен Титов аумағындағы жалпы

қуаттылығы 1440 текше метр болатын 3 дана ұңғыманың құрылысы жүргізілуде. «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы шеңберінде биыл Сабалак елді мекеніне газ тарту жұмыстары жүргізілуде.

Газға қосылмаған тағы Қызылөзек ауылдық округінің 3 елді мекеніне газ тарту үшін жобалау құжаттары әзірленуде. Бұл ауылдарда да алдағы жылы құрылыс жұмыстарын бастау жоспарда бар. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында орамшilik газ құбырлары желісін салу (ақ дақтар) жұмыстары Тагарин, Титов, СПМК-70, Арай, КБИ, Сәулет, Саяхат, Бәйтерек, Орталық, және Шұғыла шағын аудандарындағы газ құбырлары жүргізілмеген көшелерде жүргізілуде.

«Қорқыт Ата» әуежайының инженерлік жүйелері мен абағандыру жұмыстары толық аяқталды. Ендігі ретте, «Жайлы мектеп» білім беру пилоттық ұлттық жобасы аясында қала аумағында салынып жатқан 5 мектептің аумағын абағандыру және жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде.

Алдағы жоспарымызда Тасбөгет кентіндегі бас су тоғанын, 23 шақырымды құрайтын кәріз су жүйесін, 7 КНС, 1,12 КНС пен КОС аралығындағы кәріз су құбырын қайта жаңғырту сынды жұмыстары бар, - деп қорытындылады бөлім басшысы.



ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXVIII СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXVIII сессиясы өтті. Күн тәртібінде «2024-2026 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін бекіту туралы» мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу, «Қызылорда қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мен тәртібін айқындау», «Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградталу туралы ережесін бекіту туралы» мәселелері талқыланды.

Сессияға қатысқан қала әкімі Нұржан Ахатов облыс басшысының қолдауымен жыл басында 54 млрд. теңге көлемінде бекітілген қала бюджеті 110 млрд. теңгеге жеткендігін, соған сәйкес қалада ауқымды жұмыстар жүріп жатқандығын атап өтті. Алдағы уақытта тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында қаладағы Қорқыт Ата, қалалық парк, Президент, Шөкенов саябақтарына ішінара және толық абағандыру жұмыстары жүргізілетіндігін жеткізді.



135 ӨРТ ОҚИҒАСЫНАН 4 АДАМ ҚАЗА БОЛДЫ

Қызылорда қаласы аумағында жыл басынан бері 135 өрт оқиғасы орын алған. Өрттің салдарынан 4 адам қаза болды. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Ғабит Бабаев баяндады.

Орын алған өрт оқиғаларын талдайтын болсақ, тұрғындардың өрт қауіпсіздігі шараларына салғырт қарауы, яғни тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен, электр сымдардың дұрыс жалғанбауы мен ескіруінен, балаларды қараусыз қалдыруынан және ішімдік ішіп масаң күйде болуынан орын алған, - деді Ғабит Әбдінәбиұлы.

Бүгінде қалалық төтенше жағдайлар басқармасы тарапынан тұрғын үй секторында өрттің болуына жол бермеу мақсатында профилактикалық жұмыстар жалғасуда.

Қала тұрғындарын төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтауға шақырамыз. Төтенше жағдайға әжеп соғуы мүмкін кез келген күнді туындаса, 101, 104 немесе 112 шұғыл қызметтердің телефондары арқылы хабарлау қажет.

КЕЗДЕСУ ӨТТІ


Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Қызылорда облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі департаментімен өңірдегі белсенді жастармен TEDX форматында кездесу ұйымдастырылды.

Шараға өңірлік Антикор басшысы К.Ахметқалиев, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ардагері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ардагері Б.Ниязов, антикор-волонтерлер, өңірдің белсенді жастары қатысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс маңызды рөл атқарады және жас ұрпақты сыбайлас жемқорлықтан бас тарту рухында тәрбиелеу арқылы ғана осы әлеуметтік індетті жоюға болады. Кездесу барысында Қуаныш

Жұмағалиұлы іске асырылып жатқан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік жобасы» туралы түсіндіріп, жастарды қоғамға пайдалы іспен шұғылданауға, аталған жобаға қатысып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға ат салысуға шақырды. Жастардың сұрақтарына жан жақты жауап берді.

Спикер Б.Ниязов «Антикор-волонтерлік» жобасының негізгі мақсаттарын атап өтіп, студенттерге патриоттық тұлға ретінде осы жобаға өз үлестерін қосуды ұсынды. Аталған жоба еріктісі О.Тұрсынбаев-волонтер ұғымына жалпы түсінік беріп, олардың қоғамдағы орны мен маңызына тоқталды. Сонымен қатар, жиында тақырыптық бейнеролик көрсетіліп, волонтерлерді тіркеу Департамент тарапынан жүзеге асырылатыны айтылды. Ол үшін волонтер болуға ниет білдірген кез келген студентпен кері байланыс жасалатыны жеткізілді.



ҚАЛАДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Қаланың үш аймағында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Титов қыстағында өткен жәрмеңкеге Жалағаш ауданының шаруалары 60 көлікпен өнім әкелсе, Қазалы ауданының шаруалары «Шұғыла» мөлтек ауданында өткен жәрмеңкеде 8 тонна күріш, 30 тонна картоп, 3 тонна ет пен балық өнімдері, 10 тонна бақша, 7 тонна асқабақ, 2 тонна сүт өнімдері, 11 тонна көкөніс

пен жемістер, 1 тонна «Қазалы» кәмпіттерін ұсынды. Келесі жәрмеңке Астана даңғылының бойында Жанакорған ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен өтті. Жанакорғандық дикандар 25 жүк көлікке тиелген 130 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізді.

Сыр дикандарының өнімдері халыққа нарық бағасынан төмен бағада ұсынылды.



МӘЛІК ОТАРБАЕВ СЫР ЕЛІНЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен кездесу өтті.

Жиынға Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбітқұл Каримова модераторлық жасап, оқу орнында Жолдау аясындағы тапсырмалардың орындалу барысы туралы баяндады. Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, аймағымыздағы жоғары оқу орындарының ректорлары, оқытушылары мен студенттері қатысты. Мәлік Нұржанұлы жастарға қолдау білдіру Президенттің басты назарында екенін жеткізді. Президент кеңесшісі жастарға озық ойлы ұлтқа айналуды үшін білім мен ғылымның қаншалықты маңызды екенін айтты.

«Ішкі мәдениет - білім мен ғылымның, мәдениет пен өнердің арқасында дамиды. Біз кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек. Қазіргі таңда ұлттық әдебиеттен алыстап барамыз. Әр салада батыстың, шығыстың зерттеушілерін оқып, тәжірибе алмасуымыз керек. Дегенмен, қазақты қазақ етіп көрсететін - ұлттық әдебиет екенін ұмытпауымыз керек. Қай салада білім алсақ та, қай салада қызмет етсек те ұлттық әдебиет осы уақытқа дейін қаймағымызды бұзбаған. Сондықтан жастарды кітап оқуға шақырамын», - деді

Мәлік Нұржанұлы. Сонымен қатар, Президенттің құрылтайда айтқан ұлттық бірегейлікті сақтаудағы ойларын бөлісті. Жастарға Мемлекет басшысының кітапқа жақын екенін, бес тілді жетік білуі - білімнің арқасында екенін атап көрсетті. Мемлекеттік тілді сауатты меңгеруге, шет тілдерін үйренуге шақырды. Бұдан бөлек, нақты әрі сапалы ақпарат көздерін газет-журналдардан оқуға кеңес берді.

Қазіргі таңда Сыр елінде 3 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Атап айтсақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Болашақ» университеті және «Қызылорда ашық» университеті.

Кездесу барысында әр университет өкілі Президент Жолдауынан туындаған міндеттер бойынша оқу орнында атқарылған жұмыстардың нәтижесіне тоқталды. «Болашақ» университетінің ректоры Әмірбек Үмбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жастар комитетінің төрағасы Нұрайым Сағнадинқызы, Қызылорда ашық университетінің Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы Медет Бақытжан баяндама жасады.

ОБЛЫСТЫҚ САЗГЕРЛЕР БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ



Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен, Ү.Түктібаев ауылдық клубының ұйымдастырумен Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында облыстық сазгерлер байқауы өткізілді.

Байқау Батырхан Нұрымбетовтің «Он ғұмыр» атты сахналық қойылыммен бастау алды. Аудан әкімінің орынбасары Жолтаев Болат Әбенұлы қатысушы талапкерлерге сәттілік тілеп, сазгердің отбасына ыстық ықыласын білдірді. Өнер додасына Қызылорда қаласынан және Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарынан 12 сазгер қатысты.

Қазалы алқасының төрағасы ҚР «Мәдениет саласының үздігі», «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблінің жетекшісі, күйші, қобызшы музыкант

Әуез Арман Махамбетұлы, қазылар алқасының мүшелері ҚР «Ерен еңбегі үшін» төс белгісінің иегері және ҚР мәдениет саласының үздігі Отеп Кеменгер Байназарұлы, Қорқыт ата атындағы аудандық балалар Өнер мектебінің қызметкері, республикамызға танымал әндердің авторы, сазгер Төлеу Серіктің шешімдері бойынша бас жүлде Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылынан Бектұрған Жібекәлі (150 мың теңге ақшалай сыйлық), I орын - Қызылорда облысынан Дауылбаева Ғания (100 мың теңге ақшалай сыйлық), II орын -

Қазалы ауданы, Бозкөл ауылынан Жансапов Жұмабек (70 мың теңге ақшалай сыйлық), III орын - Жаңақорған ауданы Бидашов Оразғали, Сырдария ауданы Сақтапов Махмұт, Әйтеке би кенті Бейсенов Ербол (50 мың теңгелен ақшалай сыйлық) марапатталды.

Арнайы жүлде «Сықырлы әуен» бағамымен Қармақшы ауданынан Құлмырзаев Керекжана табысталды. Наминациялар «Ерекше дауыс» бағамымен Қазалы ауданы Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының әншісі Кеулімжаева Ақбөпе, «Көрермен көзайымы» бағамымен Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйі әншісі Қалиева Шәрбану, «Сазды әуен» бағамымен Жаңақорған ауданынан Бидашова Гаухар,

«Шебер орындаушы» бағамымен Сырдария ауданынан Байділдаев Абылайхан, және Қазалы ауданы Ү.Түктібаев ауылынан Махамбет Нұргелді, Қазалы ауданы Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығынан Амантай Дәуржан, Жаңақорған ауданынан Бидашов Бақыт, Жалағаш ауданынан Көшерев Рүстембек, Қазалы ауданы, Лақалы ауылынан Мақсатбай Мейірімжанға дипломмен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Облыстық байқауға демеушілік жасаған балалары, кластас достары, аудандық музыка пәні мұғалімдері, №88 орта мектеп ұжымы кәсіпкер Жасақбай Рая туған-туыс, бауырлары.

«Ел тілегі» ақпарат

КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Халық ауыз әдебиеті – рухани асыл қазына. Осы тақырыпта «Ана тілі» дебат клубында кішкентай оқырмандармен офлайн форматта кездесу өтті. Ғасырлар бойы ауыздан ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен санамақ, жұмбақ, ертегі секілді рухани асыл қазына әңгімеге арқау болып, олардың тәрбиелік мәні түсіндірілді.

Жазу-сызу болмаған кезде халықтың ой-арманынан туындаған әңгімелер, жұмбақтап айтқан сырлары, жаңылтпаштар, макал-мәтелдер, қиял-ғажайып ертегілері баланың тілін, ой-өрісін дамытуда ерекше роль атқаратыны белгілі.

Шарада балғындардың білімін сынап, логикасын арттыратын жұмбақтар, жақсылық пен жамандықты ажыратуға үндейтін ертегілер, зеректік пен шапшаңдықты шыңдайтын алғашқы математикалық дәріс санамақ түрлері турасында бастаушы сынып оқушыларына

кеңінен мәлімет берілді. Сондай-ақ, қатысушылар да тақырыпқа қатысты өз ойларын жеткізіп, өнерлерін ортаға салды.

Жалпы, «Тілге тиек» айдары әлеуметтік желілер мен «YouTube» платформасында қазақ тіліндегі пайдалы контенттер қатарын арттыруды көздейді. Бұл бағытта, кішкентай қолданушылар үшін рубриканың санамақ жұмбаққа арналған бөлімдері түсіріліп жүктелгенді.

Айтпақшы, оқушылар сұранысымен келесі офлайн кездесу батырлар жырына арналып отыр.



КІТАП ОҚЫ - ЖЕТІСТІККЕ ҚАДАМ БАС

5 қараша күні оқырман назарына «Кітап оқы - жетістікке қадам бас» тақырыбында мотивациялық жана кітаптардың көрмесі ұсынылды. Мақсаты - жана кітаптарды насихаттау, кітап оқу үрдісін жолға қою. Бүгінде тренд болып жүрген мотивациялық кітаптардың негіздемесі «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылмен еңбегің екі жақтап» деген Абай атамның сөзіне саяды. Бұл ұсынылып отырған кітаптар өн бойына күш - қуат жинап, шабыттанғысы келген жандарға

арналған. Көрмеге Ж.Аймауытовтың «Психология», Т.Шей «Қуаныш сыйлау», А.Пиз «Дене қимылы тілі», К.Дуэк «Ойлау», Д.Питерсон «Өмірдің 12 ережесі», М.Розенберг «Қиянатсыз қарымқасна», Т.Батырханұлы «Аман-Хочу» оқиғалы соқ тренингтері, Э.Аронсон «Көпке ұмтылған жалғыз», Д.Хайнрих «Дәлелді еңбегің екі жақтап» деген «Ерік-атамыздың сөзіне саяды. Бұл ұсынылып отырған кітаптар өн бойына күш - қуат жинап, шабыттанғысы келген жандарға арналған.



УАҚЫТ – ӘДІЛ ТӨРЕШІ

Аудандық мәдениет үйінде ақын, ұстаз, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Нәзікбаев Дастан Мырзабекұлының «Уақыт - әділ төреші» атты жана кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлы қатысып, ақынның өнегелі өмір жолы мен білім саласының дамуына қосқан сүбелі үлесін атап өтті. Сонымен қатар Қармақшы ауданының ең жоғарғы наградасы «Құрмет грамотасымен» марапаттап, қазақы дәстүрге сәйкес иығына

шапан жауып, ерекше сый-құрмет көрсетті. Мерекелік шараға келген қонақтар сөз сөйлеп, ізгі тілектерін білдіріп, жана кітаптың тұсауын кесті. Аудан өнерпаздары ақын шығармаларын орындап, жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. А йта кетейік, Дастан Мырзабекұлының бұған дейін «Ойгүркі», «Жанжақол жырлар», «Жүрекпен тамған тамшылар», «Қырғайдың қайғысы», «Анам жайлы аңыз» атты кітаптары мен жыр жинақтары жарық көрген болатын.

СЫР САНДУҒАШТАРЫ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА



«ХРУСТАЛЬНАЯ МАГНОЛИЯ-24» халықаралық байқауына қатысқан Сыр сандуғаштары жеңіс тұғырынан көрінді. Түркия мемлекетінің Анталия қаласында 29 қазан мен 3 қараша аралығында өткен халықаралық балалар мен жасөспірімдер конкурсында бақ сынаған А.Токмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сыр

сандуғаштары» вокалды тобының өнерпаздары Айару Дидарқызы төменгі топта, Мадияр Серік жоғары топта I орынды иеленсе, жас талап әншілердің талантты таңып, өнерін шыңдауға қосқан үлесі үшін жетекшісі Бағдагүл Сайынқызы бас жүлдемен марапатталды. Жас өнерпаздарға және ұстазы Бағдагүл Сайынқызына шығармашылық табыс тілейміз!

СЫР ЕЛІНІҢ БИ ӨНЕРІНДЕГІ СЕРПІЛІС



Қазақ даласында «Сыр елі - жыр елі» деген атпен танылған Қызылорда өңірі бүгінде тек дәстүрлі өнермен ғана емес, түрлі бағыттағы өнер иелерімен де танылып келеді.

Мәдениет саласындағы тың бастамалар нәтижесінде өңірімізде заманауи, эстрадалық би ансамблін құру туралы ұсыныс оң шешім тауып, облыс әкімінің қолдауымен Қызылорда облыстық филармониясынан «AI-ARU»

заманауи би ансамблі құрылды. Ансамбльдің негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және бас балетмейстері белгілі хореограф Замира Стықбаева, репетиторы –хореограф Шыңғыс Ақиянов. Бүгінде ансамбль құрамына

арнайы іріктелген талантты 20 биші қабылданып, тағыз айынан бастап жұмыс жасауда. Қазан айында 2 концерттік костюм тігіліп берілді.

Ансамбль заманауи модерн бағытындағы би қойылымдары, заманауи хореографиялық композициялар, мюзикл және әндерді бимен көркемдеу сынды жұмыстарды атқаратын болады.

25 қазан - Республика күніне орай өткен салтанатты шарада алғаш рет «Тек-Тамыр» атты би композициясын сахналап, көрермен көшеметіне бөленді.

Алдағы уақытта да ансамбльдің шығармашылық жұмыстары аймағамыздың мәдени дамуына тың серпіліс әкелмек.

АШЫҚ ТУРНИР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Ағымдағы жылдың 1-2 қараша күндері Арал ауданы Сазды елді мекеніндегі №60 орта мектебінің спорт залында Жұбай ата Байдаулетовтың 140 жылдығына орай еркін күрестен жасөспірімдер арасында ашық турнир өтті.

Тартысты долаға 2014-2015, 2016-2017 жылғы спортшылар қатысып, бос кілем төрінде бақ сынасты. Ашық турнирде аудан әкімінің орынбасары Е.Әбішев салауатты өмір салтын ұстанудың маңызына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Мұнан кейін жарыстың демеушісі Қожабайұлы Әділ сөз алып, турнирдің өткізілуіне өз ризашылығын білдірді.

Биыл мамыр айында Сазды елді мекенінде еркін күрестен №19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің бөлімшесі ашылған болатын. Жарты жыл бойы дайындалып жүрген жас палуандардың шеберлігін көрсету және ауданымызда жаттығып жатқан басқа да жас спортшылармен байланыс орнату мақсатында аудандық деңгейде өткізілген турнир үлкен қолдауға ие болды.

Жарысқа ауданның талантты жасөспірімдерімен қатар, Ақтөбе облысынан келген жас палуандар да қатысты. Жарыс барысында 11 салмақ категориясында бәсекелестік орын алды. Бұл шара жас спортшыларға өз мүмкіндіктерін көрсету, тәжірибе алмасу және достық қарым-қатынастар орнату үшін тамаша мүмкіндік болды. Нәтижесінде 2014-2015 жылдары туылған жасөспірімдер арасында 26 кг салмақ дәрежесі бойынша

Аманөткел ауылдық округінен Төрахмет Алдияр, 30 кг салмақ дәрежесі бойынша Ақтөбе облысынан Қожахмет Жансерік, 32 кг салмақ дәрежесі бойынша Сазды ауылдық округінен Мырзабекұлы Мұхаммедәлі, 35 кг салмақпен Арал ауданының атынан Жарылқасынұлы Хасан, 38 кг салмақ дәрежесі бойынша Арал ауданының атынан Сәдуақас Нұрислам және +40 кг салмақ дәрежесі бойынша Аққұм ауылдық округінен Жаксылық Ақжігіт жүлделі I орынды еншіледі.

2016-2017 жылдар арасында 0 кг салмақ дәрежесі бойынша Аманөткел ауылдық округінің атынан Мамай Тәнірберген, 23 кг салмақ дәрежесі бойынша Арал қаласынан Ермек Қуаныш, 26 кг салмақ дәрежесі бойынша Аманөткел ауылдық округінен Жасұланұлы Санжар, 29 кг салмақ дәрежесі бойынша Аманөткел ауылдық округінен Қанатбай Мұзаффар және 32 кг салмақ дәрежесі бойынша Сазды ауылдық округінің атынан Қожабай Нариман I орынды иеленді.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер Арал ауданы әкімдігінің арнайы дипломдарымен марапатталды. Сонымен қатар, демеушілердің ұсынған арнайы медальдары мен естелік сыйлықтары да табысталды.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ – МОЛ МҮМКІНДІК

I қазан күні Қызылорда қаласының сол жағалауынан «ҚазГерМундэй» компаниясының демеушілігімен салынған жана оқушылар сарайы аймақ басшысы және зиялы қауымның қатысуымен ресми түрде пайдалануға берілді. Негізінде іске қосу желтоқсан айына жоспарланған бұл нысанның құрылысы мерзімінен бұрын аяқталған. 350 балаға арналған көпфункционалды заманауи кешен 3 мың шаршы метрді құрайды. Мұнда шығармашылық қызметтің барлық түрлерімен және спортпен айналысуға, сондай-ақ, әртүрлі үйірмелерге қатысуға барлық жағдайлар жасалған.

Мәселен, техноорталық, бағдарламалау, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық зертхана, жылыжайлар мен қысқы бақ, телестудия, вокал, музыкалық аспаптар және хореография кабинеттері жұмыс істейді. Жалпы айтқанда, оқушылар сарайы

білім сапасын жақсарту, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында өңір жасөспірімдерінің интеллектуалдық және рухани түрғыдан жан-жақты дамуына үлкен мүмкіндіктер туғызбақ.

Қазіргі таңда қосымша білім беру орталығында 35 маман тұрақты жұмыспен қамтылып, 20-ға жуық үйірмеге 132 бала қатысуда. Одан бөлек, 70-тен астам ата-ана балаларын беруге өтініш білдіріп отыр. Жалпы, қараша айының аяғына дейін мекемеде 350 балаға толығымен деп жоспарлануда.

Оқушылар сарайына білім алушылардың қатынауына ыңғайлы жағдай жасау үшін №24 қалалық қоғамдық көліктің бағыты арнайы ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, қала орталығынан сол жағалауға қатынайтын қоғамдық көліктер үздіксіз жүруде. Айта кету қажет, бүгінде Қызылорда қаласының сол жағалауы қарқынды өсіп, халқының саны 15 мыңға жуықтады.

ӨНЕРІМЕН ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

«Сыр елі – жыр елі» атанған қасиетті өлкеміз – тума таланттардың бесігі болған, дауылпаз Сыр сұлейлері шыққан бабасынан баласына дейін дәстүрлі жырғаулық өнері үзілмей келе жатқан киелі өңір. Абыз Қорқыттан бастау алатын жырғаулық дәстүрдің мектебін қалыптастырған Шораяқтың Омары, Балқы Базар, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Дур Оңғар, Тұрмағамбет, Нартай, Нұртуғандай дүлдүлдер дүниеге келген қасиетті мекен.

Биыл сол Сыр сұлейлерінің жалғасы халық ақыны, жырау Әбділла Жүргенбаевтың 110 жылдық мерейтойы. Осы орайда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №6 кітапхана оқырман қауымына ақынның өмірі мен шығармаларын кеңінен насихаттап, ақын есімін мәңгі ұлықтау мен ұмытпау мақсатында «Өнерімен халқына қызмет еткен» атты әдеби жыр кешін өткізді.

Іс-шараға ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, айтыскер ақын, жырау, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің «Дәстүрлі ән салу» бірлестігінің менгерушісі, ақын Әбділла Жүргенбаевтың жиені Айдос Рахметов қатысып, ел аузында «жырау Әбділла», «ақын Әбділла» атанған заманының дүлдүлі Әбділла Жүргенбаевтың айтыскерлік, ақындық қыры жайында сөз өрбітіп, жырларын орындады. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің оқытушысы

Көркем Айдосқызы және жас жырау Нәсер Айдосұлы Ә. Жүргенбаевтың «Еңбекшілер әні», «Біздің ән», «Тойбастар» және т.б. әндерін оқырмандарға тарту етті. Кеш қонақтары «Отбасы хрестоматиясы» баспа үйінің Қызылордадағы өкілі Сәкен Жүргенов, Ж. Махамбетов атындағы №43 қазақ орта мектебінің ұстазы Гүлзия Жұмағалиева кейінгі өскелең ұрпаққа өлмес мұра қалдырған, өзіндік мақамы бар, дүлдүлдімен халық жадында қалған кең тынысты жырау, ақын Әбділла Жүргенбаевтың шығармашылығы жайлы әңгімелеп, кештен алған әсерлерімен ой бөлісті.

Иә, Әбділла Жүргенбаев туралы кезінде белгілі фольклортанушы, «Сырдың Диваевы» атанған Мардан Байділдаев өз еңбектеріне арқау етсе, бүгінгі таңда ғылыми жұмыстарына ол кісінің мұрасын арқау етіп жүрген жастар жоқтың қасы. Десең те көзі тірісінде өз бағасын ала алмаған, есімі көп

атала бермейтін өнер иесінің артында Айдос Сәндібекұлындай іздеушісі, өзіміз секілді жыр сүйер тыңдарманы барда ғана ақын есімі мәңгі ұмытылмайды, ұрпақтар сабақтастығы жалғаса бермек. Бір сөзбен айтқанда, Әбділла Жүргенбаевтың өмірі мен шығармашылығы алдағы күнде де ізденуді, талдауды, зерттеуді қажет етеді. Өйткені, талант иесінің тағлымды жолы талай ұрпақтың өміріне тамызық болары сөзсіз. Бүгінгі кештен біз осындай ой түйдік. Шара барысында ақынның өз дауысы таспаланған «Әбділла Жүргенбаев ақын-жырау» атты бейнебаян көрсетіліп, арнайы жасақталған кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.

**КАМАНОВА,
№6 кітапхана қызметкері
Қызылорда қаласы**



ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕР

Қазақтың Ақбаяны атанған Мәдина Ералиева ән әлемінің аққуы, сыбызғыдай сызылған сұлу үнімен өзге жанның көңіл көктеміннің көкжиегін керемет әсерге бөлеген әнші. Оның репертуары лирикаға, шексіз махаббатқа толы болды. Осындай ерекше талант иесі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мәдина Ералиеваның туғанына биыл 70

жыл. Бүгін әншінің құрметіне арналған «Қазақтың Ақбаяны» атты облыстық әншілер байқауы өтті.

Ән байқауына арнайы қатысқан қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев артында өшпес із қалдырған «Қазақтың Ақбаяны» Мәдина Ералиеваның қазақ өнеріндегі орны ерекше екеніне тоқталып өтіп, байқау

қатысушыларына сәттілік тіледі. Жас талант иелерінің өнерін көмек сіндірген қайраткері Рамазан Тайманов, композитор, Мәдениет саласының үздігі Сәбит Ұлықпаңұлы, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының көркемдік жетекшісі Руслан Бұрабай бағалады.

Конкурс қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ орынды Жалағаш ауданының тумасы Орынхан Пазыл, ІІ орынды жаңақорғандық Исламхан Нағызхан және І орынды қызылордалық Әйгерім Шүкірбаева иеленсе, бас жүлдені Сырдария ауданынан келген Аяулым Бекболатова жеңіп алды. Жұлдегерлерге қаржылай сыйлық табысталды.



СТУДЕНТТЕР МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОРҒАУЫНДА

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде күндізгі бөлімде оқитын студенттер 15 жеңілдік санаттың қатарында. МӘМС жүйесінің артықшылықтары туралы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің активімен кездесуде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының мамандары түсіндіру іс-шаралары барысында хабарлады.

Өңірдің жетекші жоғарғы оқу орнында 10 мыңнан астам студент білім алады. «МӘМС туралы» Заңына (26-баптың 1-тармағының 13-тармақшасы) сәйкес орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар мемлекет есебінен сақтандырылған және МӘМС пакетінде көрсетілетін медициналық қызметтерге қол жеткізе алады.

Қор филиалының бөлім басшысы Ғалымжан Салтықовтың ақпаратты бойынша, жеңілдік мәртебе ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық білім беру деректерінің базасында (ҰБДБ) студент туралы мәліметтердің болуы негізінде ұсынылатындығы айтылды.

«Егер студент оқудан шығарылса, академиялық демалыс уақытында немесе оқуын аяқтап, онда ол білім саласының ҰБДБ ақпараттық жүйесінен шығарылуы қажет, өйткені жұмысқа орналасу кезінде олар үшін МӘМС-ке аударылармен жарналары қабылданбастан кері қайтарылады. Сонымен қатар, егер оқу кезінде студент сақтандырылмаған болса, ол оқу орнына хабарласып, ақпараттық жүйедегі деректерді тексеруі керек», - деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар, Ғалымжан Нұртілеуұлы күндізгі бөлімде оқитын мемлекеттік және жеке ұйымдарда жұмыс істейтін студенттері үшін МӘМС – ке аударылармен жарналар ұсталмайтынын еске салды. Қосымша сұрақтарыңыз болса, келесі байланыс арналары арқылы хабарласуға болады: 1414, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы Saqtandyru-BoT

БАС АЙНАЛУ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Бас айналу шаршау және жайсыздандудың кенеттен пайда болатын симптом, мұнда адамға өзін қоршаған ортасы айналып тұрғандай сезіледі. - Бұл өте жағымсыз сезім болып, кейде ол есінен тануға әкеледі.

Дегенмен, бұл симптомның өзі өмірге қауіп төндіретін жағдайлардың белгісі болуы өте сирек кездесетін жағдай. Бас айналу негізінде кейбір аурулардың симптомдары ретінде байқалады (инсульттан бастап, қатерлі ісікке дейін). Мысалы, бастың жиі-жиі және ұзақ айналуы құлақтың неғұрлым ауыр ауруларында (вестибулярлық жүйкенің вирустық инфекциялары, лабиринтитте) кездеседі. Мұндай бас айналуы елемуге болмайды. Өйткені бұл жағдайда ауру белгілері басталады және инфекцияның миға өту қаупі жоғары болады.

Бас айналудың бір шабуылы ешқандай екі аптадан артық уақыт барысында болмайды - осы кезінде дене жағымсыз сезімге бейімделуге қалыптаса алады. Сондай-ақ кенеттен әлсіздік, көру немесе естудің және сөйлеудің бұзылуымен бірге жүретін бас айналу да бар. Бұл жағдай инсультты көрсетеді.

Егер науқастың сөйлеуі өзгерсе, бет симметриясы бұзылса, дереу дәрігерге қаралу керек. Өйткені уақытында тиісті және дұрыс көмек көрсетілмесе, инсульт, өлім және түрлі формада асқинулар байқалуы мүмкін.

Отырған жерден тұрғанда қысқа уақытты ортостатикалық бас айналу жиі кездесетін жағдай. Бұл көбінесе ағзадағы сұйықтықтың жетіспеушілігімен байланысты. Сондықтан ыстық күндері сұйықтықты көбірек ішу керек. Егер сізде сусыздану жоқ болып, ортостатикалық бас айналуыңыз болса, сізде жүрек соғуының бұзылуы немесе жүрек жеткіліксіздігі болуы мүмкін. Егер бұл жағдай жиі-жиі қайталанса және ұзақ уақытқа созылса, бас айналуымен бірге күшті бас аурулары, жүрудің қиындауы және құлау, жүрек айнуы мен қысу, естен тану, тыныс алудың қиындауы, мойын бұлшықеттерінің құрысулармен бірге жүретін қатты бас аурулары байқалса, білікті маманға хабарласыңыз, қосымша тексерулерден өту қажет болады.

**С.ӘБДІКЕРОВА,
Невролог дәрігер**



Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаштарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерін қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлады.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

ЕҢБЕКТІҢ НАҒЫЗ ИЕСІ

Адамның жақсы өмірінің негізі-адал еңбек ақыл-ой, шынайы жүрек. Бәріне билік етер үш сапа бар жерде айналаң жақсы адамдармен толыға түсетіні де сөзсіз. Сонау Қызылқұмның қатпарлы белдерінде еңбегімен соны ізі қалған, кеудесіне еңбегімен алтын жұлдыз таққан Ә.Қайруллаевтың жолы мен еңбегін білмейтін адам кемде-кем. Жақсының тұяғын, өнетелі өмір жолдарын жалғастырушы-Азамат Ақтайұлы «№185 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде шаруашылық менгерушісі болып еңбек етіп келеді. Ата жолы мен әке тәрбиесі арқылы дарыған еңбекқорлығы өз алдына «Жұмсаған күшін сұрама, жасаған ісін сұра» дегендей білім ошағының тазалығы мен қажетті керек-жарақпен уақытында қамтамасыз ету, әрбір техникалық қызметкерлердің ойынан дөп шығу Азаматтың күнделікті тынымсыз еңбегінің көрінісі. Қазақ «мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік



ұтады» деген ұтымды сөз тәркіні Азаматтың әрбір тұлғаға деген адамгершілігінен анық байқалады. Жас болса да іскер. Әрбір күрмеуі бар жұмысты тез шешіп, оңтайлы жолдарын жылдам табады. Білім ордасындағы әрбір оқушының, әрбір ұстаздың тілін тауып, бірлесіп жұмыс жасауда шеберлігін көрсетіп келеді.

Азамат - отбасының қасиеттерді бойына сіңіріп өскен, қанағаттышыл жан. Барлық жақсы қасиеттерді ата-анасы мен әке тәрбиесімен дарыған деуге болады.

Әкесі-Қайруллаев Ақтай, Жанакала совхозында ферма бастығы, онан бері ауылдың бетке ұстар көргенді азаматы. Анасы-Жұматаева Әмина, №185 орта мектебінде химия пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші. Отбасындағы бауырларына да қамқорлығын,

бауырмалдығын қашан да көрсете алады.

Азамат жауапкершілігі мол жұмыс сатысында екенін қашан да естен шығарған емес. Оқушы мен ұстаздың таза да жайлы, жабықталған оқу құралдарымен алаңсыз білім алуы үшін қай уақытта да Азамат жайлы жағдай жасап келеді. Осы орайда, өлшеусіз еңбегінің нәтижесіне сай Аудандық білім бөлімінің марапаты мен, Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаевтың марапатымен, Аудандық кәсіподақ комитетінің алғыстарымен марапатталды.

Еңбек бәрін жеңбек, әрине сөзі мен ісі, еңбекқорлығы мен адалдығы қатар жүрсе. Азаматтың үлкен мекемеде, іргелі білім ордасындағы келелі ісі мен тынымсыз еңбегіне сәттілік тілеп, алдағы уақыттарда абырой биігінен түспей, жақсы адамдармен бірлікте болатынына сеніміміз мол.

Г.НҰРХАНОВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ, Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесуге тыйым салу туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қазандағы №260 бұйрығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ағаштарын кесудің барлық түріне 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін тыйым салынғандығын хабарлады.

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Мұнайлы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 200140029111) болу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап - шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады. Манғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Манғыстау ауылы, 14 орам, №30 мекен-жайы бойынша орналасқан Қоғамдық ұйымдар ғимаратында, 4 қабат. Тел: +77077559436

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Мунайлинский районный отдел предпринимательства и сельского хозяйства» (200140029111 БИИ), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Мангыстауская область, Мунайлинский район, село Мангыстау, квартал 14, строение №30, 4 этаж. Тел: +77077559436

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Тарапмы 9820 уаңа
Индекс 66503
Тапсырыс №250**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**